

# Көзден кетсе де, көңілден кетпейді

КСРО-ның бокстан спорт шебері Тлеуберген Дюсеновты еске алуға арналған турнир өтті



Тлеуберген Дюсеновтың рухына арналған турнирдің қатысушылары

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



### Меңдіқара ауданының тумасы Дюсенов Тлеуберген Марденұлының есімі аудан халқына етене жақын, атқарған ісі көпке үлгі.

Тлеуберген Марденұлы 6 қараша 1964 жылы дүниеге келген. Өзінің туған жерінде білім алып, 1981 жылы Рудный индустриалық институтына түсіп, 1986 жылы институттың өнеркәсіптік азаматтық құрылыс мамандығын үздік деңгейде бітірген жан.

1988 жылы спорт шебері атағын алып, 1986 жылы әскер қатарында қызмет еткен.

Адамгершілікті басты орынға қойып, туған жерінде абыройлы қызмет атқарып, талай белестерді бағындырған. Спорт саласында жоғары жетістіктерге жетіп, үздік нәтижелер көрсеткен көрінеді. 2011 жылы «Дене шынықтыру және спорт»

мамандығы бойынша бакалавр академиялық дәрежеге де ие болған көрінеді.

Тлеуберген Марденұлы талай спортшыны спортқа баулып, талай спортшыны шыңдаған. Ұстаздан шәкірт озар демекші, бүгінде шәкірттерінің арасында спортқа қолдау білдіріп, өз шәкірттерін спортқа баулыған азаматтар бар. Тлеуберген ағайларының берген ақылын, спорт саласындағы айла-тәсілін өмірлік азық етуде.

Жаны жайсаң, жүрегі жомарт жанның өмірден озғанына 30 наурызда бір жыл толып отыр. Көзден кетсе де, көңілден кетпеген азаматтың есімі мәңгі халқының жүрегінде, жасаған ісі жадында.

Ұзынағаш (Қарата) ауылында спорт шеберінің рухына және еске алуға арналған аймақтық волейбол турнирі өтті. Турнирді ұйымдастыруды алғашында шәкірттері Серімжан Елеусізов және Аят Досымжан мақсат еткен көрінеді. Ойларын жүзеге асыруға ақыл-кеңес сұрап, ағалары Манарбек Абдрахманов пен Сабыржан Оспановтың алдынан өткен. Ағалары жастардың ойын бірден қолдап, турнирдің өткізілуіне мұрындық болған екен.

Турнирге Тлеуберген

ағайымыздың жақын жолдастары, құда-жекжаттары, замандас-құрдастары, ауылдастары, шәкірттері мен отбасы қатысып, рухына тағзым етті.

Бұл күнде қызу тартысты ойын ұйымдастырылды. 5 команда қатысып, қызықты турнир өтті.

Іс-шарада жерлесіміз, ел ағасы Өтебек Бекбосынов алғаш болып сөз алды. Тлеуберген ағамызды еске алып, кейінгі ұрпаққа деген ақ батасын берді. Спортшыларға сәттілік тіледі.

Қызу да, қызықты өткен командаларға әділ төрешілер баға беріп, жеңістің төрінен 3 команда көрінді. Жұлделі бірінші орынға Алашин селолық округінің командасы шықты, екінші орын Көктерек аулынан келіп қатысқан спортшылардың қанжығасына байланды, үшінші орын Қарата командасына бұйырды. Жеңімпаз командалар ақшалай сыйлықтар, медальдар, грамоталар және кубоктармен марапатталды.

- Әкемнің барша замандас-құрдастарына отбасымның атынан шексіз ризашылығымды білдіремін. Үлкен турнир ұйымдастырылды. Әрине, әкеміздің орнын ешкім баса алмайтыны

анық. Дегенмен осындай адал достарының бары көңілге қуаныш ұялатады. Ағаларымның жасаған еңбегіне, әкеме арналған іс-шараға келіп қатысып, жылы лебіздерін білдіріп жатқан барша туған-туыс, құда-жекжатқа және ауылдастарымызға алғысымды білдіремін, - деді Тлеуберген ағамыздың ізін жалғаған ұлы Ислам Марден.

Осы күні Ұзынағаш ауылының Намазханасында ақ дастархан жайылып, ас берілді. Марқұмның рухына Құран бағышталды. Барша жақыны еске алып, отбасы үлкен іс-шараны ұйымдастырған азаматтарға алғыстарын айтты.

Осылайша спорт сүйер қауым бір серпіліп, турнир жоғары деңгейде өтті. Тлеуберген Марденұлын еске алуға арналған турнир жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылады деген жоспар қойылды, жарыс қатысушылары жақсы көңілмен тарқасты.

Адал дос, ардақты әке, асыл жар, мықты спортшы бола білген Тлеуберген Дюсеновтың есімі мәңгі ел есінде сақталады. Өйткені ізін жалғаған отбасы мен шәкірттері, достығына адал замандастары бар.

**Тұрсыннай МҰХТАРҚЫЗЫ**